



**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

**СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА  
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**



## Әлеуметтің әлеуетін арттыру маңызды

Маңызы бар әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін саланың бірі әлеуметтік сала. Өйткені әлеуметтік сала тікелей халықпен жұмыс істейді. Сондықтан да әлеуметтің әлеуетінің деңгейі аталған саланың жұмысына көрсетілетін баға болмақ. Кез келген мемлекеттің дамуы, қаншалықты өркеніетке қадам басқаны да халқының тұрмысымен өлшенеді. Халқы кедей бола тұра, жұмыссыз бола тұра ешқандай елдің экономикасы да, әлеуметтік жағдайы да алға жылжымайды.



Иә, елдегі басты мәселелердің бірі жұмыссыздық деңгейін төмендету. Бүгінгі күні аудан бойынша экономикалық белсенді халық саны 14 947 болса, өткен жылы оның жұмыспен қамтылғаны 14 192-ні көрсетті. Оның ішінде жалдамалы қызметкерлер 9 372, өз бетінше жұмыспен қамтылған халық 4 820, жұмыссыздар саны 755-ті құрады. Дегенмен саланың жұмысын жоққа шығара алмаймыз, билтырғы жылы әжептәуір жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындардың тұрақты жұмысқа орналасуына септігін тигізді. Мәселен өткен жылы екі жарым мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, мың үш жүзден аса тұрақты орын, мыңнан аса уақытша орын ұсынылған. Орталыққа хабарласып, екі қолға бір күрек сұраған үш жарым мыңға жуық жанның тең жартысы бағдарламаға қатысушылар тізіміне енген.

Әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты бір жолға қою күн тәртібінде

тұр. Әрине бұл тұста мемлекет қол қусырып отыр дей алмаймыз. Халық арасындағы жұмыссыздықты азайту, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік жағдайды реттеу бағытында түрлі бағдарламалар жұмыс істеп тұр. Қайтарымсыз грант, төмен пайыздағы несиелер шағын және орта кәсіппен айналысамын деушілерге қолдау болса, мемлекеттік мекемелерден өтетін жастар тәжірибесі, алғашқы жұмыс орны сынды жобалар жастардың сағын сындырмай тұр.

Билтыр желтоқсан айына дейін жастар арасында жұмыссыздықты төмендету мақсатында бірқатар жұмыс атқарылған. Мәселен, жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту орталығына 1 500-ден аса жас жұмыс іздеуші ретінде тіркелсе, оның 905-і жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды. Әлеуметтік жұмыс орындарына 38, жастар практикасымен 201, қоғамдық жұмысқа 200-ден аса, ұрпақтар

келісімімен 5, алғашқы жұмыс орнымен 18 жас жіберілген. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантты 300 адамға беру жоспарланса, жоспар жүз пайызға орындалып, 300 адам мемлекеттік грантқа қол жеткізді. Ал қысқа мерзімді өкүмен 29 адам қамтылса, мемлекеттік қолдау шараларымен 800-дей адам жұмысқа орналасса, оның 290-ы тұрақты жұмысқа тартылған жас мамандар болып табылады. НЕЕТ санаттыдағы жұмыссыз жастардың санын азайту мақсатында да жастар практикасына биылдан бастап қатысушылардың жалақысы 76 575 теңгеден 91 890 теңгеге дейін ұлғайса, бұл шараға шектеулі жасқа толмаған, соңғы 3 жылда жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген және еңбек етілі жоқ түлектер қатыса алады.

Сонымен бірге ақылы қоғамдық жұмыс орындарына билтырғы жылы 980 адам жолданып, жоспар 181,5 пайызға

орындалған екен. Оның ішінде 126 адам тұрақты жұмысқа орналасыпты. Алғашқы жұмыс орындарына жоспар 12 адам болса, іс жүзінде 18 адам жолданып, бұл жоба бойынша да жоспар артығымен орындалған.

«Ұрпақтар келісім-шарты» жобасына да 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған және шекті жасқа толмаған білім беру ұйымдары түлектері қатыса алады екен. Аталған жоба шеңберінде жұмысқа орналасқан адамға зейнеткерлік жасқа жетуке кемінде 6 ай қалған тәлімгер тағайындалады. Жалақы көлемі 61 260 теңгеден 91 890 теңгеге дейін артқан, қатысу мерзімі де тиісінше 6 айға дейін. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды Еңбек кодексінің 38 бабына сәйкес, тәлімгердің бос жұмыс орнына немесе басқа бос орынға ауыстыруға міндетті. Жоғарыда аталған субсидияланатын жұмыс орындар уақытша сипатта болады және бұл орындарға орналасқан адамның еңбек қызметінің кезеңі оның еңбек өтіліне есептеледі. Орталықтың мәліметінше, өткен жылы аталған жобамен ауданда 5 адам жолданып, жоспар 100 пайызға орындалған.

Айта кетейік, 2018 жылдан бастап жұмыс берушілерге Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыссыздарды таңдау құқығы берілді. Ауданда бос жұмыс орындары туралы мәліметтер электронды еңбек биржасы ақпараттық жүйесі арқылы қолжетімді түрде ұсынылады. Ал болжанатын жұмыс орындары туралы мәліметтер «Жұмыс орындарын құрудың интеграциялық картасы» ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырылады.

Қарап отырсақ, жұмыссыздарды, әсіресе жастарды қолдауға бағытталған жобалардың тиімді тұстары көп. Тек ниет болса, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуларына мүмкіндік те табылады. Ал кәсіппен айналысамын деушілер үшін қайтарымсыз грант пен төмен пайыздағы несиелер қолдау бола алмақ.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

### Өнеге

Қарап отырсаң әжелердің, аналардың тәрбиесі мектеп секілді. Әр іс-әрекетінен сабақ алуға болады. Бірде көрші үйге бас сұққан едім. Үйлеріне қарт әжелері 3-4 күнге қонаққа келген екен. Өлгі үйдің келіні залдағы отырған әжесі мен немересіне «Келіңіздер тамақ дайың, суытпай ішіп алыңыздар» деді. Бала әжесінің әлі отырғанын байқап «Әжетайым, жүріңіз тамақ ішейің» деді. Әжесі ренішті халде «Үйдің еркегі келмей тұрып дастарханға отыру дұрыс емес. Қазір акең көлсің, бірге отырып ішеміз» деп орынын қозғалмады. Келіні «Апа, ол бұрыннан қалған әдет, қазір қарны ашқан адам дастарханға отырып, тамағын жей береді!» деді. Өлгі әже болса «Қызым, адамдардың әдебі, ар-намысы болатынындай, үйлердің де әдеп-тәртібі болады» дегенді айтты. Бұл сөз өзіне ерсі көрінген немересі мырс етіп күліп «Әжетайым, үйлердің әдебі қандай болады екен? Бізге айтып берсеңізші онда» дейді. Әжесі болса әңгіме төркінін әріден бастады...

## Ұлт ұлылығы әдепте



«Біз кешкентай кезімізде аналарымыздан бұрын әжелеріміздің қасында әдепті болуды үйренетін едік. Үйде өкеміз, анамыз бар кезде аяғымызды созып отырмайтын едік және үлкендер сөйлеп жатқанда бізге сөз кезегі берілмейінше сөзге араласпайтын едік. Үлкендер үйге кірген кезде дереу орнымыздан тұрып, оларға орын беретін едік. Ешқашан өкемізден бұрын дастархан басына отырмайтын едік. Өкеміз келіп, тамақты «Бисмилләһпен» бастап «Қаңе тамақтан алыңдар» деген кезде ғана бастайтын едік. Астан кейін дастархан дұғасын кезектесіп оқитынбыз. Ешбір тамақ, отбасыңмен бірге отырып жегендей болмайды. Бүкіл осы нәрселер дастарханның әдебі болып саналады, балам!» деп күрсінді өлгі

әжеміз. Немересі «Әжетай, осыншама қысымға қалай шыдағанысыңдар?» деп сұрады. Әжесі болса «Жоқ, бұл қысым емес, бұл бір-бірімізге деген сый-құрмет болғандықтан өзара сүйіспеншілігіміз қуатты болатын. Бір-бірімізге деген махаббат болғандықтан бұдан ешкім қысымға түспейді» деді сабырлы кейіппен.

Иә, шынында осы көрініс маған ауыл өмірін елестетті. Бала кезімізде үйдегі тәртіп дәл жаңағы әжеміз айтқандай болатын. Ас ішуді өкеміз дастарханға отырмай бастамаушы едік. Қараңғы түспей тұрып-ақ қалың перделерді жауып, содан соң үйдің жарығын қосатын едік. Киім ауыстырар кезде тіпті перделер жабық болса да ұяттылығымыздан жарықты сөндіріп,

жерге отырып ауыстыратын едік. Үйдегі жуылған іш киімдерін аулаға іліп қоюға үйдегі адамдардан ұялатынбыз. Әдебімізден, ар-намысымыздан айрылсақ, иманымыздан да айрыламыз дейтін анамыз.

Үйдің тағы бір әдебі бар, ең маңыздысы да осы болса керек. Үйдің ішінде болып жатқан ұрыс-керістер, әртүрлі жағдайлар сыртқа шықпауы тиіс. Бұл да үйдің әдептерінен бірі болып саналады. Сондықтан бұрын келеңсіздіктер үйдің ішінде оңай шешілетін еді. Онысызда сүйікті пайғамбарымыз әсіресе ерлі-зайыптылардың арасында болатын ұрыс-керістерді сыртқа жаюдың үлкен күне екендігін қаншама рет айтқанын оқып жүрміз.

Әрине құпиялық қалмаған соң, адалдық та қалмады. Үйдің берекесі - үлкендерге құрмет көрсету. Үйдің әдебі - жабылған перделерде. Махаббаттың әдебі - жасырын болуда, көздің әдебі - көздің қабақтарында. Дененің әдебі - оранға, киінген болуында. Ал ұят - иманнан.

Міне, біздің ұлтымыздың ұлылығы қарапайым қағидаларды бұлжытпай орындауында еді. Ал қазір бәрі басқаша. Бұл әдептер көз келген отбасында орындала бермейді. Ұят иманнан деп бекер айтылмаған. Сондықтан өткеннен сабақ алып, тәлім мектебінің тәрбиесін меңгерсек, ұрпағымыз ұлықты, қыздарымыз қылықты болмақ.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

## Тұмау мен ЖРВИ-дан сақтаныңыз

Тұмау және ЖРВИ (жіті респираторлық вирустық инфекция) әдетте күзгі қолайсыз ауа райы мен қысқы салқынында қозып, ауру тез тарай бастайды. Ауру жұқтырған адамда жөтел, жалпы әлсіздік, дене қызуының көтерілуі байқалады.

Тұмау және ЖРВИ ол жоғарғы тыныс жолдарының зақымдануымен және ағзаның улануымен сипатталады. Бүгінгі таңда түрлі топ ЖРВИ қоздырушы 200-ден аса вирустың түрі (парагрипп, тұмау вирусы, аденовирус, риновирус, энтеровирус және т.б.) бар екені белгілі. Ауру тыныс жолдары, жүйке жүйесін, құлақ және басқа да ағзаларды зақымдауымен қауіпті.

Балалар арасындағы сырқаттану ересек адамдарға қарағанда 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр жағдайда өтіп, асқынупар туындауы мүмкін. Иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспағандықтан балаларда асқын жағдайлары жиі кездеседі. Осы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесі және мектепке баратын балалар арасында жоғары. Себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады.



Ауру сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы тез жұғады. Тұмаудың алғашқы белгілерінде дене қызуы 40 градусқа дейін көтеріліп, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, бұйынның және бұлшық еттің, бастың ауыруы, тамақтың жиырылау, ауырысуы, жөтелу, мұрынның бітелуі байқалады. Осыдан адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады.

Тұмау 5-10 күнге дейін созылады.

Осы кезде дер кезінде емделмесе ауру асқынуы мүмкін. Ал асқынған ауру өкпе қабынуына, отит, гайморит кеселдеріне алып келеді. Сол себепті аурудың алғашқы белгілері байқалысымен дер кезінде медициналық көмекке жүгінудің маңызы зор.

Тұмау және ЖРВИ-дың алдын алудың сенімді жолы ол тұмауға қарсы екпе салдыру болып табылады. Сонымен қатар аурудың алдын алу үшін жеке бас

тазалығын сақтап, белсенді салауатты өмір салтын ұстану да көп көмектеседі. Үйдің, бөлме, кабинеттердің ауасын жиі желдетіп тұру қажет. Күнделікті көкнес пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ жеу керек. Дене шынықтырумен, спортпен айналысып ағзаны шынықтыру өте пайдалы.

Ауру маусымында адам көп шоғырланған орындарға бармауға, мүмкіндігінше қоғамдық көлікпен емес, жаяу жүруге тырысыңыз. Сонымен қатар жылы киім киіп жүрген абзап. Мұрын қуысына «Околин» майын жақсаңыз көмегі жақсы. Ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сау адам да пайдалана алады. Ал ауыра қалған жағдайда үйде болыңыз. Төсек режимін сақтаңыз. Бөлмені күніне екі рет таза ауамен желдетіңіз. Мұрыннан су аққанда, жөтелгенде медициналық беттерде киген жөн. Көп мелшерде суың, шай, шырын түрінде сұйықты көп ішіңіз. Дәрігердің кеңесіне үнемі құлақ асыңыз. Денсаулықтарыңызға бей-жай қарамаңыздар.

Оразғали АХАНОВ,  
аудандық санитарлық-  
эпидемиологиялық  
басқармасының басшысы

### Мұра

XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығына қарсы батыстан Еділ бойындағы қалмақтар, башқұрттар мен орыс казактары, шығыстан ойрат-жоңғарлардың дүркін-дүркін шабуылы тұсында хаң, сұлтандар қасындағы билермен қатар батырлардың да рөлі зор болған. Бөкенбай, Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары, Тайлақ, Тілеу, Саңырық батырлармен бірге Қаракете Текей батыр да сол саптан көрінген.

## Музей жаңа жәдігерлермен толықты



Сыр елінде оны Тәуке ханның үзеңгілес серігі, бас батыры деп те атайды. Ол кісі жоңғар басқыншыларымен болған ұрыстарда ерлігімен көзге түскен.

Ел аузындағы әңгімелерде Текейдің батыр, папуаң, әрі өнші болғаны айтылады. Текей есімі Сыр сұлейлерінің шығармаларында орын алған. Соның бірі Шегебай Бектасұлының «Би, батырларды жырлаймын» атты толғауында:

«...Енді бермен келейің,  
Қарпықтың ұлы Текейге.  
Айдаһардың таудағы,  
Басын кесіп ерлеген.  
Уақытында тақымың,  
Қалды ма жан көрмеген?» деп жырлаған.

Қазақтың Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам, Созақ төңірегін, Сырдың бойын басқыншы жаулардан азат ету соғыстарына қатысқан Текей батыр Қарпықұлының аты-жөні Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі хандар, билер мен батырлар есімінің қатарындағы құрметті орынға жазылған.

Жуырда республикалық «Текей батыр Қарпықұлы» қорының мүшесі, жергілікті өлкетанушы Болат Нұржанов аудандық тарихи-өлкетану музейіне Текей батырдың 350 жылдығына арналып шығарылған мерекелік медаль мен оның куәлігін сыйға тартты. Ел егемендігі жолында ерлік көрсеткен батыр бабамызға қатысты жәдігерлердің аудандық музей экспозициясында орын тебуі үйлесімді таңдау. Ер есімі ел есінде мәңгі сақталуы тиіс.

Тілеухан ҚОЗЫБАҒАРОВ,  
аудандық музейдің  
қор сақтаушысы

## Тапсырма тыңғылықты орындалуы тиіс

Жуырда аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысында 3 мәселе қаралып, алдымен аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Өмірзақ Елеусінов ауданда 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымының өту барысы туралы баяндады. Сондай-ақ, бірінші мәселе бойынша аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы аудан тұрғындарын қатты отынмен жеткілікті қамтамасыз ету және бағасын тұрақтандыру жұмыстарын бақылауда ұстау және Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөліміне барлық мекемелерде өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші және үшінші мәселе бойынша Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Ерболат Серманов 2022-2023 жылдардағы жылу беру маусымындағы жеке тұрғын үй секторларындағы өрт қауіпсіздігі ереже талаптарын сақтау мен көмірқышқыл газына улану фактілерінің алдын алу туралы және аудан бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясымен 2022 жылы атқарылған жұмыстар мен 2023 жылы атқарылатын жұмыс жоспары туралы хабарлама жасады. Асқарбек Есжанов жоғарыда аталған мәселе бойынша тиісті сала басшысына ауданда орналасқан барлық тұрғын үйлерді аралап өрт қауіпсіздігінің алдын алуға түсіндірме жұмыстарын одан әрі жандандыруды, аудандық ішкі саясат бөлімімен бірлесіп жергілікті «Жалағаш жаршысы» газетіне және интернет желісінде өрт қауіпсіздігі талаптары тақырыптарындағы мақалаларды жариялауды тапсырды.

Сонымен қатар аудан басшысы комиссия отырысында қаралған мәселелердің өзектілігіне сәйкес әрбір тапсырманың тыңғылықты әрі мерзімінде іске асырылуын қатаң тапсырды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



“...Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын”  
Ә.Бөкейханов

# Алаш арыстарының көшбасшысы

Әлихан Бөкейханов – алаш арыстарының көшбасшыларының бірі, «Қазақ» газетін жарыққа шығаруда өлшеусіз еңбек еткен, негізін қалаған публицист. XIX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап өзі репрессияға ұшыраған, 1937 жылға дейінгі аралықта саяси күрестің белсенді қайраткері болған. Қоғам қайраткерін Қазан төңкерісіне дейін және одан кейінгі Ресей империясы көлемінде қалыптасқан саяси жағдайда ұлт азаттық қозғалысының көсемі ретінде жақсы танымыз. Халқына қалтқысыз қызмет етуді мақсат еткен Ә.Бөкейхановты халық Алаш арыстарының белсенді басшысы, Алаш партиясы мен Үкіметін құрушы ретінде көп еңбек сіңіргенін жақсы біледі. Бірақ көпшілік Ә.Бөкейхановтың ұлт азаттық жолындағы өмірі мен қиын-қыстау кездерін, репрессия жылдарындағы өмір деректерін біле бермейді. Сондықтан осы еңбегімді түрлі ақпарат құралдары мен деректі материалдар негізінде жинақтап жазып отырмын.



және жүктелген міндеттерге үлкен адамгершілікпен қарайтындығын танытты».

1925 жылы Қазақстандағы Саяси билікке Голощекин келгеннен кейін жер мәселесі қайтадан шиеленіске түскен. Орталықтың қолдауына сүйенген Голощекин 6-шы өлкелік партия конференциясында Қазақстанда жерге орналастыру процесін ұлттық негізде емес, таптық негізде жүргізу туралы шешім қабылдады.

Голощекин 6-шы партия конференциясында жасаған баяндама-сында республиканың егіншілік халкомы Сұлтанбековтың КСРО Ғылым Академиясының жанынан құрылған Қазақстандағы жер нормасын анықтау комиссиясының мүшесі Ә.Бөкейхановқа барып жолығуына мынандай баға берген: «Сұлтанбеков жер нормасын анықтауға Мәскеуге барып, нұсқау алу үшін өлкелік комитеттің жауапты хатшысына жолықпай, Ә.Бөкейхановқа жолығады. Бұл маскара емес па?» деген.

Ал бұл хабарды өлкелік комитетке дер кезінде жеткізген М.Төлепов еді. Бұл Голощекинге таптырмайтын материал еді. 1926 жылы “Ә.Бөкейханов контрреволюциялық қызмет жүргізді” деп ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, Мәскеудің Бутырка абақтысына жөнелтеді. Бірақ оны 15 күннен кейін шығарып жіберуге мәжбүр болады. Ә.Бөкейханов “Қазақстанда жер нормасы қазақтарды қанағаттандыра алмай-тынын, сондықтан бұл нормалар болашақта Қазақстанда жаңа отарлау саясатын жүргізуге бағытталған” деп соңғы сөзін айтқан. Алашорда қайраткерлері біржола ығыстырылып тасталды. Ә.Бөкейханов 1922 жылдан бастап Мәскеуде ОГПУ органдарының бақылауында болуға тіп болды.

Ә.Бөкейхановтың Қазақстанда тұрып қызмет істеуге жасаған өтінішінен нәтиже шықпады. Оған Мәскеуден ұзап шығуына тыйым салынды. 1928-1930 жылдары екі мәрте Алаш қозғалысының ең белсенді қайраткерлері тұтқынға алынғанда, сотталғанда ОГПУ органдары Әлихан Бөкейхановты бір-ақ рет шақырып түсініп алған.

Ә.Бөкейханов 1937 жылы Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылды. Оған тергеуші: «Алаш қозғалысын кім бастады? Оның басында кім тұрды? деп сұрақ қояды. Әлекең «Алаш қозғалысын басында менімің, алаш идеясында айтқан менімін. Алаш сьезін партиясын өмірге әкелу үшін бастамашы болғанда мен едім. Екінші жалпы қазақ съезінде төраға болып сайланғанымда рас» – деп бүкіл жауапкершілікті өз мойнына алған. Қандай күлік-сүргін кезінде ол өз идеясын сақтаған.Ұлт алдында,тарих алдында жауапкершілік жүгін мойымай көтере білген, керек десеңіз қанымен өтеген. Бұл тарихи деректер Алаш қозғалысын зерттеушілердің тарихи шындығынан алынған.

Жазалаушы орындар бір іргелі елдің ұлтазаттық қозғалысының басшысын өртерек жазалаудан қоғамдық пікір туып кетуінен қаймыққан сияқты. 1937 жылдың 27 қыркүйектегі КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының негізгі үкімі бойынша ату жазасына кесілген Әлихан Бөкейханов 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы Сотының Қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталған.

Ә.Бөкейханов «Степной край» газетінде қызметтес болған Халықшыл Севастьяновтың қызы, Севастьянова Елена Яковлевнаға үйленген. Әлиханнның қызы Елизаветта Бөкейхановна белгілі Алаш қайраткерлерінің екінші буыны Смағұл Сәдуақасовтың зайыбы. Олардан Ескендір атты ұлы болған. Әлиханнның 1910 жылы туған ұлы Өктай 1957 жылы жұмбақ жағдайда өмірден озған. Ә.Бөкейхановқа Мәскеудегі “Дон” зиратында жерленген ескерткіш тақта орнатылған. Ә.Бөкейхановтың немере інісі Мәскеу мемлекеттік технологиялық университетінің профессоры Нұрым Бөкейхан. Оның әкесі де Кеңес одағының кезінде қиындықты көп көрген. Ол туысы ретінде Ә.Бөкейхановты ақтау туралы өтініш жазумен болған, 1989 жылы көптен күткен әділ шешім шығарылған хат-ты алған.

Әр заманның өзінің көкейтесті мәселелері болған. Ә.Бөкейхановтың және оның серіктестері өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы алдында тұрған ең негізгі мақсат-ұлттық теңдік, саяси бостандық тәуелсіз ел болу еді. Алаш арыстарының арманы жетпіс жылдан кейін орындалып, қазақ елі тәуелсіз егеменді ел болып, дүниежүзіне танылды.

Рысбай КӘРІМОВ,  
Қазақстан Жазушылар  
Одағының мүшесі,  
Жалағаш ауданының  
Құрметті азаматы

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші Жалпы қазақ съезі “Алаш автономиясы” деп аталды. Ұлттық мемлекет құрылғандығын мәлімдеп, оның Үкіметін сайлады.

Әлемнің алтыншы бөлігін алып жатқан Ресей империясы көлемінде бұл аса үлкен оқиға болғанымен, отарлық езгідегі қазақ қоғамы үшін оның тарихи маңызы ерекше еді. Өйткені мұның бәрі қазақ елінің XVIII ғасырдан бері өз бостандығы мен теңдігі жолында орыс империясына қарсы жүргізген азаттық күрестің қорытындысы болатын. Тарих сахнасында Алашорда Халық кеңесі Үкіметі алып келген жалпыұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мәшешіліктен шығатын ұлттық мүддені қорғайтын қазақ елін басқа еркеніетті елдер қатарына алып шығаратын жалғыз жол ұлттық мемлекет құру еді. Қазақ ұлт азаттық қозғалысының басшылары осындай батыл қадамға баруды мақсат етті. Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей, қазақтың қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдады. Бұл мақсат Алашорданың өмірге келуі қажеттілігінен туған болатын.

Қазан төңкерісі патшалық ұлы державаны құлатқаннан кейін, пролетариат көсемі В.И.Ленин патшалық Ресей Империясының қол астындағы мемлекеттерге Кеңес үкіметі, одақтың құрамында автономия болып қалуларына, немесе өз алдырына мемлекет болып шығуларына құқылы деген саяси бостандық берген декретті қабылдаған болатын. Осы сәтті ұтымды пайдаланған Еуропаның экономикалық тұрғыдан дамыған Финляндия, 1917 жылдың желтоқсан айында Ресей империясының бұғауынан босанып, тәуелсіз ел болды. Польша да азаттық алуға қол жеткізді. Украинаның Орталық Радасы, Украина халық республикасын жариялады. Белоруссия тәуелсіздігін мәлімдеді. 1917 жылы Закавказия сеймінде Закавказия Федералдык республика өмірге келді. Сол жылы Латвия, Литва, 1918 жылы Эстония тәуелсіз ел болды. Осындай тарихи сәт кезеңінде Ә.Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлері ғасырлар бойы ансаған қазақ елінің азаттығы үшін саяси бостандық алу жолына белсене кірісті. Дүрбелеңге толы XX ғасырдың басында бұғаулықтан айырылып, азаттық үшін күрескен отар елдердің ішінде Орта Азия, Түркістан өлкесінде қазақтың оқыған, көздері ашық, саяси жағынан жетілген,ұлттық мақсат міндеттерін қоя білетін интеллектті ұлт қайраткерлері жоғары деңгейде болған еді.Сол 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда жалпы қазақ съезі өтті. Алаш қайраткерлерінің алдында күрделі мәселелер тұрды. Олар жоғарыда айтқандай, тарихи сәтті пайдаланып, тәуелсіздік алған Еуропалық капиталистік дәуірдің табалдырығын аттаған өндірістер мен өнеркәсіптері біршама дамыған, дербес тәуелсіз мемлекет болып кетулеріне шамалары келетін елдермен қатар, әлеуметтік экономикалық жағдайы қиың, феодалдық қоғамдағы көшпенді, жартылай көшпенді елде өмір сүріп, еркеніеттен алыс жатқан қазақ елінің капитализм қыспағында болып аяғынан тұрып кету Алаш қайраткерлерін қатты толғандырды.

Бірақ қазақ ұлтзаттық қозғалысы қайраткерлерінің бұл әрекеті ескі Ресейдің тұтастығын көксейтін ақ қазактар мен патшалық самодержавалық артықшылықты ойлайтын, жаңа тоталитарлық жүйені қолдайтын большевиктерге де ұнамады. Түптеп келгенде ұлы державалық империалық мақсатты көздеген бұл екі саяси жүйе де ұлттық мемлекеттік идеясынан қорықты.

Осындай ұлтзаттық саяси күрестің көшбасшысы, ардақтысы,

қазақ тарихында мәңгі өлмейтін із қалдырған қайраткердің бірі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді. Ол бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының жетінші ауылында 1866 жылы өмірге келген. Қазіргі әкімшілік-аймақтық бөлініс бойынша бұл елді мекен Қарағанды облысы, Жезқазған ауданы, бұрынғы «Қаратөл» ауылына қарайды.

Әлиханнның әкесі Нұрмұхамед, анасы Бегімханым оқу-білімге жақын, парасатты адамдар болған. Әлиханнның үлкен атасы Бөкей – атақты Көкжал Борақ Сұлтанның ұлы. 1816 жылы Уәли билігін мойындамай, орта жүзде екінші хандық құрды. Хан етіп сексеннен асқан қарт Бөкейді сайлады.

Бөкейдің тоғыз ұлының бірі – Батыр Сұлтан. Батырдың ұлдары – МырзатайменРүстем,Мырзатайдан Нұрмұхамед туады. Бөкейден соң Қарқаралыдағы билік немересі Жамантайға ауысқан. Жамантай мен Рүстем, Мырзатайлардың арасында әскер, ел басқару ісіне байланысты басараздық болып, соның нәтижесінде Рүстем мен Мырзатай Қаратау жаққа ауысқан. Бірақ олар көп ұзамай қайта оралып, Кеңесары қозғалысына қатысқан деседі.

Біздер Алаш қайраткерлерінің көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың жалпылама білгенімізбен оның сондай дәрежеге жетуідегі, ұлт-азаттық қозғалыс жолындағы «Ұлтыма қызмет ету – міндетім» деген қағидасын біле бермейміз. Бұл ұлттық ұстамы оның еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өскендігін көрсетеді. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халқының ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жазушылардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болды. Ол 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествосымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ұлы ойшыл шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болған. Әлихан өмірінің соңына дейін «Қобыланды», “Ерсайын”, “Қозы Көрпеш Баян сұлу” және басқа да көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп насихаттауда жемісті еңбек етті. Болашақ қайраткердің өмір жолының қалыптасуына отарлық езгіге қарсы Кеңесары бастаған жалпыұлттық көтеріліс (1837-1847жж) әсер еткен сияқты. XIX ғасырдың соңында, яғни 80-ші жылдары империяның Шығыстағы ірі саяси орындарының бірі Омбы қаласындағы техникалық училищесіде, ал оның саяси көзқарасының қалыптасуы Петербургтегі Орман техникалық институтында оқыған жылдары болды.

Ә.Бөкейханов институтты бітірген соң ішкі Ресейден қазақ жеріне қоныс аударушылар жағдайын зерттеу үшін ұйымдастырылған Поповцев экспедициясына қатысу үшін 1895 жылдың жазында Омбыға келеді. Экспедиция жұмысына рұқсат берілмейді. Ол Омбыдағы орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасады. Осы мезгілде социалистік бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласа бастайды. Ә.Бөкейхановтың негізгі мақсаты Ресейдің ішкі аймақтарынан қазақ жеріне қоныс аударушылардың экспанциялық саясатын көшпенді өмір сүрген қазақ жеріне іштеп кіріп, құнарлы, орманды жерлерін иеленуіне саяси тұрғыда наразылық таныту еді. Бұл әрекетті шектеудегі көзқарасын білдіру үшін «Степной край» газетінде алғашқылардың бірі болып материалдар жариялап отырды.

Ұлты үшін осындай көзқарасынан айнымаған Ә.Бөкейханов қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатына терең үңіліп, бұрын өзі білмейтін жаңа қырына көз жеткізді. Орталық биліктің таяу жылдары қоныс аударушыларды іске асырудағы жасап жатқан қарекеттерін білді. Осы мақсатта ол қазақ жеріне қоныс аударушыларды орналастыру,

жер беру, оны бөлу, табиғи байлығын пайдалану т.б. зерттеу жұмысын жүргізетін Ф.А.Шербиннің экспедициясы құрамына мүмкіндік алған Ә.Бөкейхановтың жергілікті халықтың өз жеріне қатысты құқығын қорғауда, көшпенділермен тең құқықта болуларына қатысты ұсыныстары қолдау тапты. Бұл экспедиция 1896-1903 жылдар аралығында жүргізілген. Кейіннен бұл экспедицияның зерттеу жұмысы 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу еңбек болып жарық көрген. Осы тұрғыда Ә.Бөкейхановты қазақ халқының тілегін, мұның өмір салтын болашаққа деген бағыт-бағдарын өз заманның ақпарат құралдары арқылы жариялап отырған публицист-журналиш ретінде де кейінгі буын жақсы білугі тиіс. Алаш көсемі, «Қазақ» газетінің алғашқы ұйымдастырушысы, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтардың қазақ жеріне орналас-тырудағы және жерді пайдалануда ғылыми негізін жасаушы ғалым деуге болады.

XX ғасырдың басында қоныс аудару саясаты жүрді. 1864-1885 жылдар аралығында Оралдың шығыс жақ бетіне қоныс аударушылар саны 300 000 болса, 1885-1910 жылдары 2,5 млн-ға жетті. Қоныс аударушылардың үлкен бөлігі қазақ жеріне ағылды. 1885-1910 жылдары Ақмола, Торғай, Семей облыстарына 294,206 келіп қоныстанса, ал 1906-1910 жылдары 770 000 адам көшіп келді. 1904 жылы Петербургте қоныс аудару және жерге орналастыру жөнінде Бас басқарма құрылды. Ал келесі жылдарда бұл басқарма мекемелері губерния, облыс, аудан деңгейінде барлық қазақ жерінде құрылды. «Артық» жерлер анықталып, Ресейден орыс шаруаларының көшіп келуіне жағдай жасалған еді. Бір жүйеге түскен ұлы державалық отарлау саясатының басында патшаның өзі мемлекеттік Дума және басқа да өкімет орындары тұрды. Сондай-ақ, бұл іс жақсы қаржыландырылды. Бұл басқаша айтқанда, қазақ даласын ашықтан-ашық отарлау саясатына кірскен патшалық Ресейдің ұзақ жылдарға арналған жоспары болатын. Ұлы державалық өктемдікке қарсы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқа да қазақ интеллигенциясы 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырды. Онда мынандай талаптар қойды: діни сенімді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою, ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде жүргізетін мектептер ашу, қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал – цензурасыз газет шығару, баспахана ашуға рұқсат беру, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлер олардың заңды мекені екенін мойындау, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу, олардың жұмысына қостілділікті жолға қою, тағы сол сияқты.

Жандарым орындары шамамен «Қарқаралы петициясының» авторы деген кісілерді билікке қарсы әрекет жасады деп абақтыға жапты. Саяси күрестің жаңа жолын таңдаған ұлттық интеллигенция Ә.Бөкейхановтың бастауымен бастапқы саяси күрес кезінде ұлы державалық оппозицияға қарсы болған Конституциялық-демократиялық партияның бөлімін ашуға мүдделі болды. Мұндай әрекеттер Қазақстанның бірқатар өңірлерінде қолға алынып, съездері өтті.

Алаш қайраткерлері Ресейде құрылып жатқан түрлі саяси партиялардың қатарында ұлтзат-тығын саяси күрес тұрғысынан империя бұғауында болған әр ұлт кеңестік автономия құрамында өз алдына ел бола алады деген декрет негізінде, қаулысы конституциялық демократиялық жолмен қазақ автономиялық республика бо-лып, қала тұрып кейіннен одақтан

өз алдына тәуелсіз ел болып шығуды мақсат етті. Осы мақсатта Алаш қайреткерлері өздерінің ұлт жоспарын ұсынып басшылыққа алды. Алғашқы жылдары Алаш қайраткерлерінің бұл ұсыныс жоспарларын Ресей Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Ленин мен Ұлттар халық комиссары Сталиннен қолдау тауып, Алаш қайраткерлерінің орталығы болған Семей қаласына Мәскеу тікелей байланысқа шығып, Алаш қайраткерлерінің ұсыныстарын қолдап: «Әр халықтың өз билігін өзiне береміз деген шешiмiмiз, жарлығымыз әлi сол қалпында. Айтқанымыз айтқан. Жалғыз - ақ сәбет үкiметiн таныңыздар» деп Ә.Бөкейханов пен Х.Фапбасовтың атына телеграмма жіберген болатын. Өкінішке орай бұл алдамшы уәденің өмірі ұзақ болмады.

Ә.Бөкейханов І мемлекеттік Думаға Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланды. Осы оқиғаға орай «Семипалатинский листок» газеті: “Редакция қазақ халқын нәтижелі сайлау қорытындысымен құттықтайды. Ә.Бөкейхан мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтайтын тілегін жеткізетін бірден-бір адам екеніне халқы сөзінді» – деп жазды. Ә.Бөкейханов І мемлекеттік Дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені ол Дума өз жұмысын бастаған кезде Омбы генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен соттың тергеуінің үш ай Павлодар абақтысында отырды. Ол абақтыдан шығып Петербургке жеткенде, Дума патшаның Үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Бөкейхановта сол жаққа барып, Выборг Үндеуіне қол қояды. Қазақтың ағартушы интеллигенттерінің досы, ғалым Г.Н.Потанин сол кездері былай деп жазды: «Қазақтың автономия қылсақ, Қаратөл – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш Баян сұлуды» шығарып, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа білер еді-ау».

Ә.Бөкейханов орманшы-ғалым ретінде «Шаруашылықтың бір түрінен екінші түрге өтуі жеңіл-желпі нәрсе емес, кеңбайтақ даладан мал шаруашылығымен күн көрген қазаққа егін шаруашылығымен айналыс деп 15 десятина жер беру үлкен аяққа тар етік кигендей болады. 15 десятина – алақандай жер, егін егуге, мал бағуға, шабындыққа аздық етеді. Қазақтың күн көрісінен айырбады” деген екен. «Қазақ» газеті бетінде Ә.Бөкейхановтың қалам тартқан негізгі тақырыбы жер мәселесі болды. Ол қазақ шаруаларының әлеуметтік жағдайларын жақсы білді.

Ә.Бөкейханов бастаған ұлт қайраткерлері Орта Азия мен Қазақстан Ресей империясының экономикасы мен стратегиялық мақсаттарының қайнар көзі екендігін жақсы білді. Келешекте большевиктерде алып империялық тұтастығын сақтап, қоғамдық қатынастың, меншіктік түрін өзгертіп, ұлт мүдесі емес, таптық тұрғыда мемлекет басқарудың жана жүйесін енгізілгендігін болжаған болатын. В.И.Ленин өлгеннен кейін қазан төңкерістің нәтижесімен келген, кеңес үкіметі әр ұлт өз еркітерімен одақтан бөлінуге, өз алдына мемлекет болып шығуларына ерікті деген декрет өзінің өміршеңдігін тоқтатты.

Ұлттық мемлекет құру Ә.Бөкейханов және басқа буржуазиялық-демократиялық бағыттағы интеллигенция өкілдерінің түпкі мақсаты еді. Осы мақсатта олар Конституция демократиялық шеңберінде қазақ ұлтына автономия алудан үміттенді. Бірақ ол үміт ақпан төңкерісінен кейін ақталмады. Ә.Бөкейханов «Мен “Кодет” партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында: «Кодет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе

де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, көрші жұмысқа сатып, біраз жылда сытырлап, жалаңаш шыға келеді. “Кодет” партиясы ұлт автономиясына қарсы” деген екен. “25 июнь” Жарлығы шығып, қазақтан майдан-ның қара жұмысына адам алу жүріп жатқан кезде «Қазақ» газетінің басшылары А.Бөкейханов пен М.Дулатовты “Билікке қарсы шықты” деп айыптап, үстерінен қатаң бақылау орнатты. Уақытша газет редакторы М.Дулатовтың үйін тіптіп, өзін жауапқа тартты. Патша өкіметі қазақ даласына жазалау отрядын шығарып, қарусыз халықты аяусыз басуға даярланып жатты. Жазықсыз қан төкпеу мақсатында Ә.Бөкейханов, М.Дулатов қол қойған ашық хат жарияланды. Оқиғалар ағымы қан төгіссіз аяқталды. Көтеріліс аяусыз басылып майдандағы жұмысқа қазақ жігіттері алынған соң Ә.Бөкейханов бастаған бір топ қазақ интеллигенттері өз еріктерімен майданға аттанды. Петроградтағы билік орындарымен жүргізілген келіссөздерден соң Минскіге барып Батыс майдан штабы жанындағы Земскі және қалалық одақтың бөлімін өз мойнына алады. Оларға тұрмыстық жағдай жасау, дәрігерлермен көмектесу, сауатын ашу жұмыстарын жүргізеді. «Еркін дала» ұйымын құрып, «Қазақ» газетіне елмен жалғастырушы болған. Майдандағы жұмысшылардың құрметіне бөленген Ә.Бөкейханов “Алаштың Әлімханы” атанады.

Ә.Бөкейханов Қазан төңкерісімен уақытша өкіметтің саяси өміріне белсене араласты. 1917 жылдың сәуірінде құрылған 9 адамнан тұратын Түркістан комитетінің мүшелігіне Қазақстаннан Ә.Бөкейханов пен М.Тыныштықбаев енді. Ол жаңа биліктің Торғай облысы бойынша комиссары болып бекітілді. 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында Жалпы қазақ съезі болып өтті. Съезде күн тәртібі бойынша А.Бөкейханов баяндама жасады. Сол кездегі жағдайға байланысты ұлт кеңесі құрылып, оның аты «Алаш орда» болсын деді. Он бес адамнан тұратын бұл өкіметтің төрағасы болып көпшіліктің дауысымен Ә.Бөкейханов сайланды. Азамат соғысы жылдарында империя көлемінде қалыптасқан жағдай Алаш орда өкіметіне жұмыс істеуге ырық бермеді. Ә.Бөкейханов бастаған өкімет большевиктер ұсынған жоспарды қолдамады, қазақ коммунистерін орталық биліктің қолшоқпары ретінде айыптады. Алашорда қозғалысын мұқият зерттеген тарихшы ғалымдар Ә.Бөкейхановтың саяси күресте мейлінше таза болғанын, лас әрекеттерді мойындамағанын дәлелдеп, халқына қауштырды. Бұған дәлел 1919-1920 жылдары В.И.Ленин басқарған Кеңес өкіметінің Алаш қозғалысына қатысқандарға жариялаған кешірімнен кейінгі уақытта да Ә.Бөкейханов өз ұстанымында қалды. Кеңес билігі тұсында Ә.Бөкейханов туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. Өкінішке орай Сталин басқарған жоғарғы билік төңкеріске дейінгі қазақ интеллигенциясына, оның белгілі лидері Ә.Бөкейхановқа сенімсіздік танытып, қоғамдық қызмет бермей, шектеуде ұстауға мәжбүр өтті. 1922-1927 жылдары Мәскеуде КСРО халықтары орталық баспа-сына әдеби қызметкер болып жүріп, өз елінің рухани өсуіне үлес қоса білді. Осы жылдары оның қаламынан туған көптеген кітаптар, аудармалар жарық көрді. 1927 жылдың 1 қазанында штаттық қысқаруына байланысты Әлихан Бөкейханов қызметінен босатылған. Бұл ВКП ОК-ның нұсқауымен болған. Ә.Бөкейхановқа берілген мінземеде былай деп жазылған: «Орталық баспада жүргізілген өзінің ғылыми және әдеби қызметі кезінде азамат Ә.Н.Бөкейханов қазақтардың тілін шаруашылығы мен тұрмысын өте терең білетін



## Қаңтар қырғыны немесе тәуелсіздіктің қадірі

Барыс жылының басында табан астынан дүрбелең басталды да кетті. Айналасы үш күннің ішінде ел ішіндегі ұйып тұрған тыныштық қақ ортасынан қақырап сөгілді. Еліміздің батысындағы Жаңаөзен қаласынан бастау алған наразылық шаралары әр облыста бой көрсете бастады. Соңы қатты толқуға, қанды қақтығысқа ұласып, адам шығыны болды. Облыс орталықтарындағы нысандар отқа оранды, қирады. Полиция қызметі мен әскери техникалардың күлі көкке ұшты. Бейбіт шеруді пайдаланып, қарапайым халықты отқа айдап салған беймәлім сыртқы күштерге қарсы ҰҚШҰ шақырылды. Нәтижесінде қасіретті оқиғаны әдейі ұйымдастырғандар мен оған қатысы барлар тұтқындалды.



Иә, қаңтар оқиғасы халық жадынан әлі ұмытылған жоқ. Астаң-кестеңі шыққан қалалар, шырылдаған аналар, аңтарылған әкелер, шықыраған балаларды көрдік. Көзінді байлап, тынысыңды тарылтқан қою түтін мен жүрегінді шайып, құлағыңды тұндырған айқайдың арасынан билікке қойылған талаптар мен арағайындыққа шақырған дауыстарды естідік. Осынау қиын-қыстау сәтте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше мәрте тікелей эфир арқылы халықты сабырға шақырды. Президент өз сөзінде ел ішіне лаңкестер кіргенін және олардың барлығының көзі жойылғанын бізге дәл сол сәтте тәуелсіздігімізді сақтап қалу аса маңызды екенін айтты. Расында, қаңтар қырғынында гасырлар бойы бабаларымызға арман болып, қолымыз әээр жеткен бар асылымыз – егемендігімізден айырылып қалуға шақ қалдық.

Әрине, демократиялық, зайырлы мемлекетте халық бейбіт шеруге шығып, билікке талабын айтуға құқылы. Бірақ, газ бағасының қымбаттауынан басталған сол шеруді мысықтiлеу сыртқы күштер онтайлы пайдаланып қалғысы келді. Өйткені, үш күнге созылған толқуларда полиция қызметкерлерімен бірге жазықсыз халықты таяқтап, соққыға жыққандар да болды. Тіпті еліріп алған топ әскери базаларға шабуылдап, қару-жарақ қоймаларын тонады. Сол оқиға орындарында түсірілген әуесқой бейнежазбалардан қарап отырсаңыз, біркелі спорт киімін киген белгісіз топ өте ызалы көрінеді. Әкімшілік үйің, әлеуметтік нысандардың, сауда орталықтары және басқа ғимараттарды өртеп, тонап жүргендер де солар. Демек, әлгі белгісіз

нәм күдікті топ соның барлығын жай бұзақылықпен емес, мақсатты түрде жасады дегенге сенесің. Яғни олар жоспарлы түрде әбден дайындалған және ел ішінде желдей есіп сондай әңгіме тарады. Сәл қисынға салсақ, «жел түрмаса шөптің басы қимылдамайды» деген мақалдың осы тұста маңызы артып шыға келеді. Иә, қалай болғанда да шеруге шыққан қарапайым халық қанша жерден ашынса да, өз елің ойрандауға, өз жерін талқандап, қиратып, өртеуге дәті бармас еді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қаңтар оқиғасының мемлекетіміз үшін зор сынақ болғанын атап өтті.

«Бұл оқиғалар бүкіл қоғамды дүр сілкіндірді. Халқымыз бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына және егемендігімізге зор қауіп төнді. Осы күндерде жұртымыз тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді. Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық. Уақтылы және батыл шешімдер қабылдап, лаңкестерге тойтарыс бердік. Мен қашанда бірін ашық айтып жүрмін», – деді Президент.

Қаңтар оқиғасының ақ-қарасы әлі толық анықталып, ашылған жоқ. Алайда, осы көтерілісті ұйымдастырғы деген басты күдіктілер қолға түсіп, қамалды. Төгеріліп жатыр және тергеу үдерісінң өте ұзақ жүретіні белгілі. Өйткені, бұл екі адамның арасындағы дау, жанжал емес, бір ұлтқа жасалған және жоспарлы түрде ұйымдастырылған қастандық, сатқындық. Сондықтан бұл ұлттық

сипаты бар қылмыстың бір күнде, бір жылда анықтала қоймайтыны мәлім. Бірақ, бір анығы, қаңтар қырғыны билік пен халықтың арасы соншалықты қашықтап кеткенін дәлелдеп берді. Бұл жайында Мемлекет басшысының өзі де айтты. Отыз жыл бойы Қазақстанның ұлттық байлығы ат төбеліндей ғана топтың қолында болғанын және ескі жүйе әбден жемқорлыққа батқанын атап көрсетті. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы қаңтар оқиғасынан соң ел тұрғындарына жасаған мәлімдемесінде жүйенің түбегейлі өзгеріп, жаңаратынын, яғни жаңа, әділетті Қазақстан құратынын және ол үшін қайтадан саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жасалатынын жеткізді.

Тәуелсіздік алған отыз жыл ішінде болған жантүршігерлік оқиға «Қанды қаңтар», «Қасіретті қаңтар» деген атпен тарихта қалды. Бұл Президент айтқандай, билікке де, халыққа да сабақ болуы тиіс. Бірақ, одан қандай сабақ алуымыз керек? Міне, бізді ендігі ойландыратын мәселе осы болмақ. Менінше, ең алдымен жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу тетіктерін жетілдіру керек сияқты. Яғни жас ұрпақ сын сағатта өз елінің перзенті, жерінің иесі екенін сезінгенде ғана қаңтар оқиғасындағы алапаттар орын алмас еді деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ, қолына қару мен шоқпар ұстаған әлгі қарулы топтың айтағымен жастарымыз әлеуметтік, әкімшілік ғимарттарды өртеуге, қаланы бүлдіруге үлес қосты. Екіншіден, билік пен халықтың арасы жаңыланды тиіс. Ол үшін билік басына мемлекетшіл, халықшыл және қызметін таза, адал атқаратын азаматтар баруы керек. Үшіншіден, халық қандай да

бір бейбіт шерулер мен наразылық акцияларын ұйымдастырғанда заң шеңберінен шығып кетпеуіміз үшін өзімізді қатаң қадағалауымыз керек. Шеруден соң да халықтың өмірі осы елде жалғасады. Өйткені, бұл біздің өліміз, жеріміз. Қандай жағдай орын алса да еліміздің, жеріміздің, қаламыздың, даламыздың бір бүйірін бүлдіруге емес, бүтіндеуге тиіспіз.

Өткен жылдың соңғы күндері Алматы қаласында қаңтар оқиғасының құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалы ашылды. Сәулет кешенінің ашылу рәсіміне арнайы қатысқан Мемлекет басшысы қаңтар оқиғасы тәуелсіздік кезеңіндегі күрделі оқиғалардың бірі болғанын және сол кезде қайтыс болған жазықсыз жандарды есте сақтау мақсатында осы стелланы орнатқанын айтты.

«Шын мәнінде, бұл ескерткіштің мағынасы терең, маңызы өте зор. Мұнда қазақ елінің мемлекеттігін нығайту жолындағы қилы кезеңдер көрініс тапқан. Тас тұғырларға өйгілі тұлғаларымыздың өлеңдері және есиеттері жазылған. Ұлтты ұйыстыратын осы сөздер арқайсымызға ой салады. Бұл мемориалды қаңтарда қаза болған азаматтардың рухына тағзым ретінде тұрғыздық. Сондай-ақ оны кейінгі ұрпаққа тағылым болсын деп орнаттық», – деді Президент.

Иә, қаңтар қырғынында қанша адам құрбан болып, қаншама адам зардап көтті. Әрине, олардың қуны бұл ескерткішпен өтелмейді. Әйтсе де, келер ұрпақ осы маңнан өткенде тыныштықтың, бейбіт өмірдің, елінің, жерінің, бастысы, тәуелсіздіктің қадірін ұғынса болғаны.

Қуат АДИС

## Уәде – Құдайдың сөзі

**Бұрынғы бабаларымыздан «сөмсер сүйіп серттесті», «Алла атымен анттасты» деген сөз қалған және бұл сөздер ол кездің адамдары үшін өте киелі, қастерлі болыпты. Осы сөз тіркестерін бүгін біз де қолданамыз. Бірақ, түк қасиеті қалмады. Дұрысы, қасиетінен айырдық. Киесінен қорықпадық. Сол үшін бүгінде сөздің құны да құлдырап кетті.**

Жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» деп аталатын әйгілі шығармасында мынадай қызық эпизод бар:

...Бала-шағасы аштықтан бұралған Рысқұл амалсыз аңға шығады. Таңнан көшке дейін тау-тасты кезгенмен қарауылына ештеңе ілінбейді. «Аштың аңы жүрмейді». Үйінде балалары Тұрар мен Түіметайдың өкесінің жолын күтіп көздері жүдіреп отырғанын көз алдына елестетіп таудан етекке түсіп келе жатқанда қола қамыс сыбдыр ете қалады. Ашыққа шыққанда байқайды, алдында жолбарыс жатыр. Қалт тоқтайды. Аралары есік пен төрдей-ақ жер. Жемтігін аңдыған аш жолбарыс бір секірсе, іс тынады. Аңшы қолындағы шіті мылтығын оқтап үлгермейді. Тіпті артық қимыл жасаса, тарғыл тонды тұз тағысы атылғалы жатыр. Амал жоқ, көзбен арбасауға тура келеді. Рысқұл папуан, жойқын күштің иесі. Бірақ, алдында жатқан тайыншадай жыртқышқа қарусыз қауқар көрсете алмайды. Көзіне көзін қадап бірер минут тұрады. Болмаған соң Рысқұл: «Ей, Шахан шері, сен де тамағыңды аңдып жатысың, сен де тамағыңды іздеп келемін. Қазір екеуміз алыса көтсек, екеуміздің біреуіміз өлеміз. Жарайды, мен жолымды бердім. Тіспеймін, уәде беремін. Жөніңе жүре бер», – дейді дауыстап тіл қатып. Манадан арбасып жатқан жолбарыс адамның тілін түсінгендей орнынан керіле тұрып, тау беткейіне қарай қиялап жүре береді. Сол сәтте Рысқұлға арам ой сап ете қалады. Үйінде балалары аш, жолбарысты атып алып, олжасын жолай байларға байласа, жоқ дегенде бір құнан қой алады. Сол оймен әлі ұзай қоймаған жолбарыстың артынан мылтығын кезейді. Шүріппеге саусағын салып, көздеп тұрып тағы ойланады.

«Әй, оған жаңа мен тиіспеймін деп уәде бердім ғой. Уәде – Құдайдың сөзі. Ол аң болса да менің уәдеме сеніп, жөніңе кетті. Ал, мен адам болып қалай уәдемді бұзамын» деп күбірлейді ішінен. Не керек, аңшы жолбарыстың сыртынан оқ атпайды...

Ал, бүгінде уәде суайттардың қаруына, қорғанышына айналды. Жоғары биліктен бастап, қарапайым халықтың арасында уәдені үйіп-төгіп беріп, оны орындамайтындар және Құдайдың сөзінен жалтарудан қорықпайтындар көбейді. Әсіресе, мұсылман баласы үшін уәде сөзі қасиетті болуы тиіс еді. Бірақ, күніне қаншама адамға уәде беріп, оны орындамайтындар да өздерін мұсылман санатына қосып жүр. Ақын Қадыр Мырза Әлі «Ең үлкен өтірік – үлкен мінберлерден айтылатын өтірік» дейді. Сол сияқты ең көп уәде де сол үлкен мінберлерден беріледі және ол орындалмайды. «Халық – Құдайдың бір аты» дегенді ескерсек, бір адамды немесе бірнеше адамды емес, тұтас халықты алдау – Құдайды алдаумен бірдей. Бірақ, пенде Құдайды алдай алмайтынын білмейді...

Бір ғағам өтініш айтсам сәл ойланып отырып, «уәде бере алмаймын» деп кесіп айтатын. Мен ол кісіні сол сөзі үшін жек көріп кеткем. Әсілінде, ең жақсы адам, нағыз мұсылман сол кісі екен. Бірақ, оны кейін білдім. Біз де қаншама адамға қолымыздан келмейтін жұмыстарды орындаймын деп уәде еттік. Тіпті қолымыздан келе тұра немқұрайлы қарап немесе ұмытып кетіп, уәдемізді жұттық. Сөйтіп, Құдай сөзіне кір келтірдік. Одан Құдайдың ештенесі кетпейді, өзіміздің абыройымыз түсіп, күнәміз қалындайды екен.

Ертеде жанжал үстінде екі адамның бірі мерт болады. Қаза тапқан адамның



туған-туысы қазыдан «қанға-қан» деген қатал үкім шығаруын сұрайды. Айыпты жігіт қазының кескен үкіміне еш қарсылықсыз келіседі. Бірақ, өзінің ол адамды қасақана емес, абайсызда өлтіріп алғанын және алыста тұратының, елінде бірнеше адамда қарызы бар екенін айтып, соны өтеп құтылып келуге үш күнге мұрсат сұрайды. Қазы көпшілікке қарап: «Бұған кепіл болатын адам бар ма?», – дейді. Ешкім үн қатпайды. Қазы әлгі сөзін тағы екі рет қайталайды. Сонда халықтыңарасынан бір қария шығып «Мен кепіл боламын! Егер бұл жігіт уәдесінде тұрмай, осы жерге келмей қалса, менің басымды алыңдар!», – дейді. Танымайтын адамға кепілдікке өз басын тіккен қарияға ел таңғалысып тарқасады. Уағдалы үш күн де өтеді. Халық қазының алдына жиылып, айыпкерді күтеді. Бірақ, әлгі жігіт келмейді. Межелі уақыт таяғанда қазы кепілдің басын алуға бұйырады. Жәндеттер қылышын өңді көтергенде алыстан айқай естіледі. Жұрт қараса, әлгі жігіт екен. Жүгіріп жетеді де, еңтігін баса алмай «Елім алыс еді, сондықтан уағдалы уақытымнан сәл көшіктім. Айыбыма тағы да айып жамадым. Кешірім сұраймын. Бірақ, қарыздарымды өтеп үлгердім. Енді басымды ала беріндер», – дейді. Жиылған халық жігіттің уәдеге адалдығына таңғалысып, разы болысады. Болған оқиғаның анық-қанығына көздері жеткен өлген адамның туыстары «Біз мына азаматты

кешірдік. Уәдесінен таймаған адам – Құдайдан қорқады. Ал Құдайдан қорыққан адам нақақтан кісі қанын төкпейді, адамға қиянат жасамайды, өтірік сөйлемейді», – дейді. Сонда қазы жігіттөң: «Сен өлетініңді біліп тұрып неге қашып кетпедің?», – деп сұрайды. Сонда жігіт: «Ау, қазы, мен уәдеме тұрмасам, кейінгі мұсылмандар арасында уәденің құны жойылып кете ме деп қорықтым», – деп жауап қатады. Жігітке разы болған қазы қарияға бұрылып: «Ал, ақсақал сен неге мына жігітті танымасаң да жанына кепіл болдың?», – деп сұрайды. Сонда қария: «Мен де кейін мұсылмандар арасында уәдеге сенушілік әлсіреп кете ме деп қорықтым?», – деп жауап беріпті.

Иә, уәде берушінің де, оған иланушының да қарысы Құдайдан. Берілген уәденің орындалғаны және өз уақытында орындалғаны абзал. Бұрынғы бабаларымыздың жақыны түгіл, жатына, тіпті адам түгіл, аңға берген уағдасынан таймағаны – олардың бір Жаратушыға деген сенімі һәм танымы бізден әлдеқайда жоғары тұрғанын мойындамасақ лажымыз жоқ. Алдаспаң ұстап анттасып, сөмсер сүйіп серттеспек түгіл, Құранды ұстап тұрып уәде беріп және сол Құдайдың құлағына жеткен сөзімізді қолымыздағы қасиетті кітапты орнына қойған бойда ұмытып жүре беретін бүгінгі бізге не дауа?!

Қуат АХЕТОВ

**Кез келген баланың табиғи таланты мен ерекше қарым-қабілетін тани білу, шыңдау ұстаз бен ата-ананың баламен тығыз байланыс жасауымен тікелей байланысты. Ал қазіргі қоғамның мақсаты бәсекеге қабілетті, жан-жақты, қоғамға пайдалы азаматты қалыптастыру. Ал қоғамға пайдалы азамат бүгінгі ұрпақтың тәлім-тәрбиесінен бастау алады. Өйткені бүгінгі буын елдің ертеңгі тұтқасын ұстар азаматтар.**

## Апорт құрастырған алтын бала



Жуырда Алматы облысындағы №180 жалпы білім беретін орта мектептің 8 «Б» сынып оқушысы сенсорлы сандық құрастырып шықты дегенді естідік. Зерттеп көрсек, бұл бала өзіміздің жерлесіміз, кезінде осы ауданда туып-өсіп, кейіннен Алматыға көшіп барған екен. Дереве баланың анасымен хабарластық, әлгі өнертабысы туралы сұрадық. Тың туындының авторы Ермұхамед Әлімбеттің сенсорлы «Алтын сандықты» ойлап табуының басты себебі балалар табиғатты аяласың, жан-жануарларды қорғасың, қоршаған ортаны сақтауға талпынсын дегені екен. Ультра дыбыстық датчик арқылы құрастырылған сандық адам әрекетін сезу арқылы ашылады. Бұл сандыққа өнерлі ерен түрлі бағдарламаларды енгізіп, әуен ойнатып, тіптіп экранға мәтін шығарады екен.

«Бұл сенсорлы сандықты жасап шығу бірден оңай болмады өрине. Әуелі макетін, жасалуын ойлаптын жүрдім. Сосын қажетті заттарды дайындап алып, макетін қағазға түсірдім. Содан соң барып жасауға кірістім. Жай ғана бос қораптардан жасадым. Ішіне жан-жануарларды, табиғат көрінісін енгіздім. Ондағы мақсатым балалар қоршаған ортаның қадірін білсін, табиғатты аялауды үйренсін дегенім ғой. Ал өзiрге бұл сандық алғашқы нұсқасында тұр. Алдағы уақытта балалар ойыншығының арасына өнетіндей етіп жасауды ойлаймын» дейді талантты бала. Иә, Ермұхамед жасаған сенсорлы сандық расымен адам әрекетін сезу арқылы ашылып, жабылады. Сандыққа жақындасаңыз немесе қолыңызбен, я жүзіңізбен қарасаңыз ашылады. Ішіндегі қоршаған ортаның көрінісі жаныңызға жайлылық сыйлап, ерекше сүйсіндіреді.

Расымен, сандықтың жасалуы өте күрделі. Жай ғана қораптардан жасалғанымен, бала қиялы мен арманы ұштасып, кәдімгі керемет туындыға балауға болады. Сенсорлы «Алтын сандығы» сәтті іске асырылған Ермұхамед бұған дейін де апорт пішіндес мұғалім робот құрастырып шығыпты. Иә, кәдімгі мұғалімдердің біраз қабілетін қайталайтын робот. Тек роботтың пішін алма тәріздес. Бұлай болуы Алматы қаласының апорт символын қолданғаны екен. Ал роботтың жасыл түстес болуы «жасыл қала» болайық дегенім дейді өнерталқыш бала бір сөзінде.

«Ермұхамед – тапқыр, озық ойлы, алғыр бала. Кішкентайынан өлең шығарып, ақындық қырынан танылды. Сазгерлігі де бар, тіпті киноға да түсіп жүр. Ал ән айтқанда дауысы құлақ құрышын қандырып, еріксіз сүйсінесің. Сонымен бірге түрлі робот құрастырып, өнертабыстарын ұсынып жүрген дарынды бала. Музыкалық аспаптардың басым бөлігін меңгерген, тіпті Рубик текшесінде 56 секундта құрастырып бере алады. Біз бұл баланың болашағынан тек үміт күтеміз» дейді пен мұғалім.

Апорт алма пішіндегі мұғалім робот кәдімгі педагог секілді түрлі пәннен сабақ беріп, тіпті түрлі тілде сөйлейді екен. Сонымен бірге тәрбиелік бағыттағы нақыл сөздерді де жаңылмай айтып шығады. Роботтың кемегімен концерттік бағдарламаларды, түрлі мәдени шараларды жүргізуге болады.

Жас болса да өнертабысын көпшілікке ұсынып жүрген Ермұхамед алдағы уақытта осы апорт көйпіндегі мұғалім роботқа ұлы Абайдың қара сөздерін, басқа да ақын-жазушылардың өлең-жырлары мен мақал-мәтелдер жинағын жадына енгізуді көздеп отыр.

Айта кету керек, 2009 жылы дүниеге келген Ермұхамед небәрі 4-5 жасында аудандық Оқушылар үйінің «Эстрадалық ән» және «Домбыра» үйірмелеріне қабылданған болатын. Кішкентай баланың әнге деген сүйіспеншілігі мен дауысының ерекшелігін байқаған мұғалімдері жасы жетпесе де үйірме құрамына шақырған. Осылайша, қиялына қанат бітіп, ең алғаш 5 жасында патриоттық өңдер байқауына қатысып, алғашқы биігін бағындырып та үлгерді. Сол кездері Жалағаш ауданындағы «Балалар әуез мектебінде» домбыра және хор үйірмелерінде білім алды. Ерекше ынтасы мен қабілетінің арқасында өнерлі бала түрлі байқаулардан аудан орталығында өтетін мерекелік шаралар мен концерттерден қалған емес. Мәселен, ел Тәуелсіздігіне орай өткен «Патриоттық әндер» және басқа да өнер байқауларында бой көрсетіп жүрді.

Жалпы Ермұхамедтің осындай жетістікке жетуі жолында анасы Ұлбосынның еңбегін ерекше айтуға болады. Өйткені перзентінің талантын өрте бастан байқаған анасы оның бетін қақпай, кез келген істе қолдаушысы болып, жанынан табыла білді. Әрине қай ана баласының жаман болғанын қалайды дейсіз?

Өнер жолы қиын да күрделі. Алла берген талантты тұншықтырмай, өнердің аспанында жарқырау екінің біріне бұйырмайтын бақ. Бұл киелі жолдың қиындығына қарамай, қайтсем де өз орнымды берік етіп қалаймын деген жас өнерпаз Ермұхамедтің әлі қанша биікті бағындырып, талай өнертабысты тудыратынына сенеміз.

НҰР НАУАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal\_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3096 Тапсырыс №9

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ